

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 1014 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына е н г і з і л с і н .

Қазақстан Республикасы	К.Мәсімов
Премьер-Министрі	

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді ратификациялау туралы

2013 жылғы 7 қыркүйекте Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісім р а т и ф и к а ц и я л а н с ы н .

Қазақстан Республикасының	
Президенті	

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі

ж ү р г і з і л е д і .

2 - б а п

Тараптардың осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерін кеңейтуге, сатуға, оларға ауыртпалық түсіруге, меншікке беруге немесе үшінші тараптарға қосалқы жалға тапсыруға құқығы жоқ.

3 - б а п

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелері оларды осы Келісімнің мақсаттарында пайдалануға кедергі келтіретін борыштардан, ауыртпалықтардан және үшінші тараптардың құқықтарынан азат етіліп беріледі.

4 - б а п

Тараптар дипломатиялық өкілдіктердің объектілерін жобалау және салу кезінде болу мемлекетінің қала құрылысы және сәулет саласындағы ұлттық заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

5 - б а п

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерінде дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын салу жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын қоспағанда, Тараптар мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес алынатын барлық салықтардан және басқа да міндетті төлімдерден өзара негізде босатылады.

6 - б а п

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерінде салынған ғимараттар мен құрылыстар сатылған немесе берілген жағдайда, оларды сатып алуға болу мемлекетінің басым құқығы болады.

Осы Келісімнің сатылған жылжымайтын мүлікке қатысты күші автоматты түрде тоқтатылады.

7 - б а п

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерінің шекарасына инженерлік желілер мен коммуникацияларды (сумен, жылумен жабдықтау, кәріз, электр энергиясы, байланыс және басқалар) тартуды өз қаражаты есебінен, ал жер учаскелерінің шегінде жер учаскесін алатын Тарап мемлекетінің қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

8 - б а п

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерінде жерге орналастыру және топографиялық-геодезиялық, ғимараттар жобасының сараптамасы және құрылысын салу сияқты нақты жұмыс түрлеріне арналған барлық шығыстарды, сондай-ақ оларды күтіп ұстауға және жөндеуге, электрмен, газбен, сумен және жылумен жабдықтауға, байланыс қызметтеріне және басқа да нақты қызмет көрсету түрлеріне арналған шығыстарды болу мемлекетінде қолданылатын нормативтер мен тарифтерге сәйкес өздері төлейді.

9 - б а п

Тараптар болу мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген барлық қолданылатын нормаларды міндетті түрде сақтаған жағдайда, Тараптар жобалау құжаттамасын келісу және бекіту, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерінде ғимараттар мен қосалқы құрылыстарды салуға рұқсат беруді ұйымдастыру кезінде бір-біріне жәрдем к ө р с е т е д і .

1 0 - б а п

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес өзара негізде ғимараттар мен құрылыстарға меншік құқықтарын және осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелерін жалға алу құқығын заңды түрде ресімдеуді қамтамасыз е т е д і .

1 1 - б а п

Өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің қызметін қамтамасыз ету мақсаттары үшін осы Келісімнің 1-бабында көрсетілгеннен басқа жер учаскелерін Тараптардың жалға алуы Тараптар арасындағы жекелеген халықаралық шарттардың н ы с а н а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

1 2 - б а п

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін және осы Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 3 - б а п

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындауы мүмкін барлық дауларды өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

1 4 - б а п

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 49 (қырық тоғыз) жыл ішінде қолданыста болады, осы мерзім, егер Тараптардың бірде-біреуі дипломатиялық арналар арқылы оның қолданысын өзінің ұзартпау ниеті туралы ағымдағы қырық тоғыз жылдық кезең өткенге дейін кемінде 1 жыл бұрын екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етпесе, келесі қырық тоғыз жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Астана қаласында 2014 жылғы 7 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

--	--

<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Үкіметі үшін</i>	<i>Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін</i>
---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК